

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ"

"Қазақстан қор биржасы" АҚ
Басқармасының шешімімен
(2021 жылдың 23 маусымындағы
№ 61 отырыс хаттамасы)

б е к і т і л д і

2021 жылдың 24 маусымынан бастап
қолданысқа енгізілді

Индекстер мен индикаторлар жөніндегі комитет туралы **ҚАҒИДА**

ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

1. № 1 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен бекітілді (2023 жылдың 22 маусымындағы № 59 отырыс хаттамасы);
- 2023 жылдың 30 маусымынан бастап қолданысқа енгізілді.

Осы Қағида "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) индекстер мен индикаторлар жөніндегі комитетті (бұдан әрі – Комитет) қалыптастыру тәртібін, Комитетінің функцияларын, Комитет мүшелерінің құрамын, құқықтары мен жауапкершілігін, Комитеттің функцияларын, сондай-ақ оның қызметінің регламентін анықтайды.

1 бап. Жалпы қағидалар

1. Комитет Биржа Басқармасы жанындағы тұрақты жұмыс істейтін алқалы орган болып табылады, оның міндеттері қор нарығының индикаторларын есептеу үшін тізімдер мен параметрлерді қалыптастыру, сондай-ақ қор және ақша нарықтарының индикаторларын есептеу әдістемелерін жетілдіру мәселелері бойынша сараптамалық тезистерді қалыптастыру болып табылады.
2. Комитет өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, оның ішінде уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерін, осы Қағиданы, Биржаның ішкі құжаттарын және индикаторларды есептеу әдіснамасы мәселелері бойынша халықаралық институттардың ұсынымдарын басшылыққа алады.
3. Комитет Биржа басқармасына есеп береді және осы Қағидаға және (немесе) Биржаның өзге ішкі құжаттарына сәйкес Биржа Басқармасы өзіне берген өкілеттіктер шеңберінде әрекет етеді.

2 бап. Комитеттің құрамы

1. Комитет мүшелердің тақ санынан тұрады, ол кемінде бес адамнан тұрады.
2. Комитет төрағасы болып ақпарат және статистика бөлімшесіне жетекшілік ететін Басқарма төрағасының орынбасары тағайындалады.
3. Комитет мүшелері:
 - 1) тәуекелдер бөлімшесіне жетекшілік ететін Басқарма мүшесі;
 - 2) келесі бөлімшелердің қызметкерлері:
 - ақпарат және статистика бөлімшесі;
 - псауда-саттық бөлімшесі;
 - клирингілік бөлімше;
 - 3) Биржа Басқармасы Төрағасының бұйрығымен анықталған өзге де қызметкерлер;
 - 4) "Қазақстанның қаржы ұйымдарының қауымдастығы" ЗТБ (бұдан әрі – ҚҚА) құрамына кіретін қаржы ұйымының өкілі.
4. Комитеттің дербес құрамы, Комитет төрағасы мен мүшелерін алмастыратын адамдар (қажет болған жағдайда), сондай-ақ Комитет хатшысы Биржа Басқармасы Төрағасының бұйрығымен анықталады. ҚҚА-дан Комитет мүшесін ҚҚА өзі белгілеген тәртіппен дербес анықтайды.
5. Комитет Төрағасы Комитет қызметіне басшылық етумен қатар мынадай функцияларды жүзеге асырады:
 - 1) Комитеттің жұмысын ұйымдастырады;
 - 2) Комитеттің отырыстарын шақырады және оларға төрағалық етеді;
 - 3) Комитет отырыстарының күн тәртібін бекітеді;
 - 4) отырыстарда хаттама жүргізуді ұйымдастырады;
 - 5) Комитет отырыстарын өткізу нысанын, Комитет отырыстарын өткізу күні мен уақытын анықтайды;

- 6) Комитет отырыстарында мәселелерді талқылауды ұйымдастырады, сондай-ақ отырысқа қатысуға шақырылған адамдардың пікірлерін тыңдайды;
 - 7) Комитет мүшелері арасында міндеттерді бөледі, оларға және Комитет хатшысына Комитет отырысында қарау үшін мәселелерді зерделеуге және дайындауға байланысты тапсырмалар береді;
 - 8) Комитет шешімдерінің орындалуын бақылайды.
6. Комитет жұмысын ұйымдастырушылық және ақпараттық қамтамасыз ету жөніндегі функцияларды биржа қызметкерлерінің арасынан тағайындалған комитет хатшысы жүзеге асырады.
- Комитеттің хатшысы болмаған жағдайда оны ауыстыруды Комитет оның отырысында сайлаған қызметкер жүзеге асырады.
7. Комитет хатшысы қамтамасыз етеді:
- 1) Комитет отырыстарын дайындау және өткізу;
 - 2) Комитет отырыстарына материалдар жинау және жүйелеу;
 - 3) Комитет отырысының күн тәртібін немесе Комитет мүшелерінің сырттай дауыс беруін қалыптастыру;
 - 4) Комитет мүшелеріне және шақырылған адамдарға Комитет отырыстарын өткізу туралы хабарламаларды, отырыстардың күн тәртібін, күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды уақтылы жіберу;
 - 5) отырыстарды хаттамалау, сондай-ақ Комитет отырыстарының хаттамаларын (шешімдерін) кейіннен сақтау;
 - 6) қажеттілігіне қарай Комитеттің хаттамаларынан (шешімдерінен) үзінді көшірмелер беру,
 - 7) комитет төрағасының немесе өзге де мүшелерінің (бұдан әрі бірлесіп "Комитет мүшелері" деп аталатын) тапсырмасы бойынша өзге де функцияларды орындау.

3 бап. Комитеттің функциялары

Комитеттің негізгі функциялары мынадай мәселелер бойынша шешімдерді қарау және қабылдау болып табылады:

- 1) Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес қор нарығының индикаторларын есептеу үшін өкілетті тізімдерді қалыптастыру;
- 2) техникалық жаңылыс немесе форс-мажорлық мән-жайлар туындаған жағдайда қор немесе ақша нарықтарының индикаторларын қайта есептеуді жүргізуді мақұлдау;
- 3) Биржа Басқармасына қор және ақша нарықтарының индикаторларын есептеу әдістемелерін жетілдіру мәселелері бойынша ұсынымдар мен ұсыныстар беру;
- 4) Биржа Басқармасы немесе Басқармасы Төрағасының тапсырмасы бойынша, сондай-ақ Биржаның ішкі құжаттарында көзделген өзге де функцияларды орындау.

4 бап. Комитеттің жұмыс тәртібі

1. Комитеттің отырыстары қажеттілігіне қарай көзбе-көз, сырттай немесе қашықтықтан өткізіледі.

2. Сырттай дауыс беруді өткізген кезде Комитет мүшелері Комитет төрағасы анықтаған дауыс беру күнінен кейін бір жұмыс күні ішінде дауыс беру нәтижесін көрсете отырып, бюллетеньге қол қояды және Комитет хатшысына береді. Хатшы алынған бюллетеньдер негізінде осы Ережеде көзделген тәртіппен Комитет отырысының хаттамасын дайындайды.
3. Комитеттің қашықтық нысандағы отырысы ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ете отырып, ақпараттық технологиялар бөлімшесі ұсынған бейнеконференцияларды өткізуге арналған қосымшаларды пайдалана отырып өткізіледі.
4. Комитеттің отырысы Комитет төрағасының бастамасы бойынша немесе келесілердің талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін:
 - 1) комитеттің кез келген мүшесінің;
 - 2) Биржа Басқармасының кез келген мүшесінің.Комитеттің отырысы аталған талапты қойған адамды міндетті түрде шақыра отырып өткізіледі.
5. Комитет қызметін жүзеге асырған кезде Комитет мүшелері мен оларды алмастыратын адамдар (болған жағдайда) арасындағы қашықтықтан қарым-қатынастың негізгі құралы электрондық пошта болып табылады.
6. Комитет отырысының күн тәртібін Комитет хатшысы ұсынылған материалдар негізінде қалыптастырады және Комитет төрағасы бекітеді.
7. Комитет хатшысы Комитет отырысын өткізу/шақыру туралы хабарламаны бекітілген күн тәртібі мен күн тәртібінің мәселелері бойынша қажетті материалдарды қоса бере отырып, өткізу уақыты мен орнын көрсете отырып, Комитет отырысы өткізілетін күнге дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей Комитет мүшелеріне электрондық пошта арқылы жібереді.
8. Комитет мүшесінің (мүшелерінің) ұсынысы бойынша Комитет отырысқа қатысушы Комитет мүшелерінің көпшілігінің келісімі болған жағдайда және осы мәселелер бойынша барлық қажетті материалдар болған кезде күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді отырыста қосымша қарауға құқылы.
9. Комитеттің отырысы, егер оған Комитет мүшелерінің кемінде жартысы қатысса, заңды болып табылады (кворумы болады). Кворум болмаған жағдайда Комитет төрағасы отырысты ауыстыру туралы шешім қабылдайды.
10. Комитет отырысы күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша шешімдер осы отырысқа қатысатын және осы шешімдерді қабылдау кезінде дауыс беруге құқығы бар Комитет мүшелерінің жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Комитет төрағасының дауысы шешуші болып табылады.
11. Комитет мүшесінің дауыс беру құқығын Комитеттің басқа мүшесіне немесе Биржа қызметкеріне беруге тыйым салынады.
12. Комитет мүшелері "жақтап" және "қарсы" нұсқалары бойынша ғана дауыс беруге құқылы және дауыс беруге қатысудан бас тартуға (қалыс қалуға) құқығы жоқ.
13. Комитет отырысын бекітілген күн тәртібіне сәйкес Комитет төрағасы өткізеді.
14. Комитет отырысына қатысу үшін Комитет мүшелерінен басқа, дауыс беруге қатысу құқығы жоқ өзге де адамдар тартылуы мүмкін.

5 бап. Комитет мүшелеріне материалдар дайындау және ұсыну

1. Материалдар комитет мүшелерімен, ал қажет болған жағдайда Биржаның құрылымдық бөлімшелерімен келісілуі тиіс.
2. Күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша материалдар мыналарды қамтуы тиіс:
 - 1) ұсынылған мәселе бойынша қажетті ақпарат;
 - 2) түсіндірме жазбахат және осы Қағиданың 1 қосымшасына сәйкес нысан бойынша Комитет шешімінің жобасы;
 - 3) ұсынылған шешім жобасының қажетті есептері мен негіздемелері;
 - 4) Биржаның мүдделі құрылымдық бөлімшелерінің қорытындылары (қажет болған жағдайда);
 - 5) ұйымда тегін, атын және атқаратын лауазымын көрсете отырып, мәселені қарау үшін шақырылғандардың қатарына қосу қажет адамдардың тізімі (қажет болған жағдайда);
 - 6) басқа қажетті материалдар.
3. Комитет отырысының күн тәртібіне енгізілген мәселе бойынша түсіндірме жазба қоса берілетін материалдармен бірге Комитет хатшысына отырыс өткізілгенге дейін кемінде екі жұмыс күні бұрын электрондық құжат айналымы жүйесінде ұсынылады.
4. Комитет хатшысына осы баптың 3 тармағында белгіленген уақыттан кейін берілген материалдар күн тәртібіне енгізілмейді.

Осы тармақтың бірінші абзацында белгіленген талапты сақтамай, шұғыл және/немесе маңызды сипаттағы мәселені комитет отырысының күн тәртібіне енгізу туралы шешімді Комитет төрағасы қабылдайды. Бұл ретте, мұндай мәселе бойынша материалдар Комитеттің хатшысына Комитеттің жоспарланған отырысы басталғаннан кешіктірілмей берілуі тиіс.
5. Комитет хатшысы Комитет отырысының күн тәртібіне енгізуге жататын мәселелер бойынша ұсынылған материалдардың осы баптың 2 тармағында белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеруді қамтамасыз етеді. Ұсынылған материалдар осы баптың 2 тармағының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, егер Комитет төрағасы өзгеше белгілемесе, Комитеттің хатшысы материалды пысықтауды немесе қосымша материалдарды ұсынуды талап етуге құқылы.
6. Комитет хатшысы Комитет шешімдерінің (тапсырмаларының) орындалуына бақылау мен мониторингті жүзеге асырады және олардың орындалу мәртебесі туралы ақпаратты Комитет төрағасына тоқсанына кемінде бір рет береді.
7. Биржалық ақпаратты жинауға және өңдеуге жауапты Биржаның құрылымдық бөлімшесі кем дегенде жарты жылда бір рет қор және ақша нарықтарының индикаторларын есептеу әдіснамасының өзектілігіне мониторинг жүргізеді. Мониторинг нәтижелері осы Қағиданың 2 қосымшасына сәйкес нысан бойынша есеп түрінде ресімделеді және Комитет хатшысы Комитет мүшелерінің қарауы үшін – бірінші жартыжылдықта – 15 тамыздан және екінші жартыжылдықта – есепті жылдан кейінгі жылдың 15 ақпанынан кешіктірмей ұсынады (*осы тармақ Биржа Басқармасының 2023 жылдың 22 маусымындағы шешімімен енгізілген*).

6 бап. Комитет отырыстарының хаттамасы

1. Комитеттің күн тәртібіндегі мәселелер бойынша шешімдері хаттамамен ресімделеді. Хаттаманы Комитет хатшысы отырысқа қатысқан Комитет

мүшелеріне, оларды алмастыратын адамдарға отырыс өткізілген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде корпоративтік электрондық пошта арқылы келісуге жасауға және ұсынуы тиіс.

Отырысқа қатысқан Комитет мүшелерінің Комитет отырысы хаттамасының жобасына ескертулері және/немесе ұсыныстары болған кезде Комитет хатшысы хаттаманы пысықтауы тиіс.

Комитет отырысының хаттамасына Комитеттің төрағасы мен хатшысы қол қояды.

2. Комитет отырысының хаттамасында мынадай мәліметтер қамтылуы тиіс:
 - 1) Комитеттің толық атауы және Биржаның атқарушы органының орналасқан жері;
 - 2) отырысты өткізу күні, уақыты және орны;
 - 3) Комитет мүшелері және тегі, аты-жөні, лауазымы көрсетілген шақырылған (шақырылған) тұлға (тұлғалар) туралы мәліметтер;
 - 4) отырыстың күн тәртібі;
 - 5) дауыс беруге қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс беру қорытындылары;
 - 6) Комитеттің шешімі бойынша қабылданған шешімдер және өзге де мәліметтер.
3. Комитет отырысының күн тәртібіне енгізілген мәселе бойынша немесе мәселені шешу жобасы бойынша Комитет мүшесінің айрықша пікірі, дәлелдерді көрсете отырып, жазбаша нысанда баяндалуы тиіс және Комитет отырысының хаттамасына қоса тіркелуі тиіс.
4. Комитет отырыстары хаттамаларының түпнұсқалары, сондай-ақ Комитеттің күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар Комитет хатшысында сақталады.

7 бап.

Комитет мүшелерінің құқықтары мен жауапкершілігі

1. Осы Қағиданың 3 бабында көрсетілген функцияларды жүзеге асыру кезінде Комитет құқылы:
 - 1) осы Қағидамен, сондай-ақ бастамашыл тәртіпте және/немесе Биржа Басқармасының тапсырмасы бойынша оның құзыретіне жатқызылған кез келген мәселелерді алдын ала зерделеуге және қарауға;
 - 2) Биржаның құрылымдық бөлімшелерінен қор және ақша нарықтарының индикаторларын есептеу үшін параметрлерді анықтау мәселелері бойынша ұсынымдық сипаттағы шешімдерді әзірлеуге үшін қажетті ақпаратты сұратуға;
 - 3) Комитеттің отырыстарына қатысу үшін Биржаның құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлерін және/немесе сыртқы сарапшыларды тартуға;
 - 4) Басқармаға беретін тиісті ұсыныстарды дайындауға;
 - 5) құрылымдық бөлімшелердің орындауына жататын міндетті сипаттағы тиісті шешімдер қабылдауға;
 - 6) қор және ақша нарықтарының индикаторларын есептеу үшін пайдаланылатын Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген параметрлерді өзгертуге;
 - 7) қор және ақша нарықтарының индикаторларын есептеуден жеке мәмілелер мен Биржа өткізетін сауда-саттықта мәмілелер жасасуға өтінімдер параметрлерін алып тастауға;

- 8) Комитет отырыстарында мәселелерді қарау нәтижелері бойынша құрылымдық бөлімшелерге ұсынымдар беруге.
2. Комитет мүшелері және олардың орнындағы адамдар міндетті:
 - 1) осы Қағидамен және Биржаның басқа да ішкі құжаттарымен белгіленген Комитет қызметін жүзеге асыру тәртібіне қойылатын талаптарды сақтауға;
 - 2) Комитеттің қызметіне қатыса отырып, тәуелсіз және объективті болуға;
 - 3) осы Қағидаға сәйкес өз өкілеттіктерін жүзеге асыру барысында Комитет мүшелері алған құжаттардың (ақпараттың, мәліметтердің), оның ішінде коммерциялық, қызметтік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын құжаттардың (ақпараттың, мәліметтердің) құпиялылығын қамтамасыз ету және осындай міндетті бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауаптылықта болуға;
 - 4) осы Қағидаларға және Биржаның басқа да ішкі құжаттарына сәйкес өзге де міндеттерді орындауға.
3. Комитеттің төрағасы мен мүшелері, сондай-ақ оларды алмастыратын адамдар осы Қағидаға сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасына және Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес өз функцияларын тиісінше орындамағаны үшін жауапты болады.
4. Комитет мүшесі құқылы:
 - 1) Комитеттің өзінің негізгі міндеттеріне сәйкес келетін мәселелерді қарауына бастамашылық етуге;
 - 2) Комитет қарайтын мәселе бойынша толыққанды, негізделген пікірді қалыптастыру үшін қажетті және жеткілікті көлемде ақпарат алуға;
 - 3) Комитет төрағасының келісімімен Комитет отырыстарына қатысу үшін Биржаның құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлерін және/немесе сыртқы сарапшыларды тартуға;
 - 4) осы Қағидамен көзделген функцияларды орындау үшін қажетті өзге де шараларды қабылдауға.
5. Комитет отырысының күн тәртібіне енгізілген мәселелер бойынша материалдарды комитет мүшелеріне уақтылы ұсынуға Комитеттің хатшысы жауапты болады.
6. Осы Қағиданың 2 бабының талаптарын ескере отырып, комитет құрамын бекіту туралы Биржа Басқармасы Төрағасының бұйрығына өзгертулерді уақтылы енгізу үшін ақпарат және статистика бөлімшесі жауапты болады.
7. Комитет мүшелері мен хатшысы Комитет жұмысында өз функцияларын орындау кезінде алынған құпия ақпаратты жария еткені үшін жауапты болады.

8 бап. Тұжырымды қағидалар

Осы Қағидада қажеттілігіне қарай, бірақ осы Қағида қолданысқа енгізілген күннен бастап есептелетін әрбір бес жылда кемінде бір рет өзектілендіруге жатады.

Индекстер және
индикаторлар жөніндегі
комитет туралы қағидаға

1 қосымша

(Осы қосымша Биржа Басқармасының 2023 жылдың 22 маусымындағы шешімімен енгізілген)

**"[Индекстер және индикаторлар жөніндегі комитеттің қарауына енгізілген
мәселенің атауы]" мәселесіне**

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Индекстер мен индикаторлар жөніндегі комитеттің отырысына мәселені енгізу негіздемесін, мәселенің мәнін, есептеу әдістемесін таңдау негіздемесін ашумен (егер мәселе осындай таңдауды көздейтін болса) түсіндірме жазбаның негізгі мәтіні.

* * *

Индекстер және индикаторлар жөніндегі комитет шешімінің жобасы

Бір абзацтан тұратын шешім жобасы.

немесе

Бірнеше тармақшалары бар бір абзацтан тұратын шешім жобасы:

- 1) бірнеше тармақшалары бар бір абзацтан тұратын шешім жобасының бірінші тармақшасы;
- 2) бірнеше тармақшалары бар бір абзацтан тұратын шешім жобасының екінші тармақшасы;
- 3) ...

немесе

1. Бірнеше тармақтан тұратын шешім жобасының бірінші тармағы.
2. Бірнеше тармақтан тұратын шешім жобасының екінші тармағы.
3. ...

Лауазымы

(құрылымдық бөлімшенің жетекшісі)

(қолы)

Инициалдары мен тегі

Индекстер және
индикаторлар жөніндегі
комитет туралы қағидаға

2 қосымша

(Осы қосымша Биржа Басқармасының 2023 жылдың 22 маусымындағы шешімімен енгізілген)

**Индекстер мен индикаторлар жөніндегі комитеттің қарауына қор және ақша
нарықтарының индикаторларын есептеу әдістемелерін қайта қарау туралы
ЕСЕП**

| № р/с | Күні | Әдістеменің атауы | Мониторинг нәтижелері | Әдістемеге өзгертулер / толықтырулар (қажет болған жағдайда) |
|----------|------|-------------------|-----------------------|--|
| 1. | | | | |
| 2. | | | | |
| 3. | | | | |
| 4. | | | | |
| 5. | | | | |

Лауазымы

(құрылымдық бөлімшенің жетекшісі)

(қолы)

Инициалдары мен тегі